



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20.02.2026 жыл

№ 9, 8-т.

**«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің 2026-2029 жылдарға арналған кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы.**

Кәсіподақ кадрлары мен активтерін (белсенділерін) оқытуды ұйымдастыру туралы ақпаратты тыңдай отырып және талқылап, Атқару комитеті кәсіподақтық оқыту кәсіподақ органдары қызметінің тиімділігін арттырудың және қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғауды күшейтудің маңызды шарты болып табылатынын атап өтеді.

Кәсіподақ қызметінің 2024-2029 жылдарға арналған Бағдарламасының міндеттерін іске асыру, сондай-ақ білікті кәсіподақ кадрларын даярлау жүйесін жетілдіру, олардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту, стратегиялық ойлауды қалыптастыру және ынтымақтастық мәдениетін нығайту мақсатында

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің 2026-2029 жылдарға арналған кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығын бекітілсін.

2. Кәсіподақтың мүше ұйымдарының басқарушы органдарына:  
- бекітілген Ұсынымдарды қызмет барысында басшылыққа алынсын;  
- оқу нысандарын, тақырыптарын, тыңдаушылар санаттарын және сабақ өткізу мерзімдерін көздейтін оқыту жоспарларын жыл сайын әзірленіп, бекітілсін;

- тоқсанына кемінде бір рет оқытудың күндізгі және қашықтықтан нысандарын пайдалана отырып, жүйелі түрде оқыту жүргізу қамтамасыз етілсін;

- оқыту бағдарламаларына еңбек заңнамасы, әлеуметтік әріптестік, еңбекті қорғау, мүшелікке ынталандыру, цифрлық және аналитикалық құзыреттер, сондай-ақ жасанды интеллект құралдарын қолдану мәселелері енгізілсін.

3. Мүшелік ұйымдар мен филиалдарға кәсіподақ органы сметасының шығыс бөлігінің кемінде 10% көлемінде кәсіподақтық оқытуға арналған шығыстарды сметаларда көздеу ұсынылсын.

4. Кәсіподақтың Орталық комитеті Аппаратының ұйымдастыру жұмысы бөліміне (Е.С. Иманбаев) оқыту жұмыстарын үйлестіруді, бағдарламаларды әзірлеуді және озық тәжірибені жинақтауды қамтамасыз ету жүктелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

**Төраға**



**А. Мұқашева**